



152-БҰЙРЫҚ

01.04.2025-ЖИЛДЫҚ

№

Астана қаласы

город Астана

2024-2025 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларының 23-тармағының 7) тармақшасына сәйкес және 2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық конкурстық комиссия отырысының 2025 жылғы 26 наурыздағы № 7 хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындылары және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) өткізген конкурс нәтижелері бойынша:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жоғары білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттары иегерлерінің тізімі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттары иегерлерінің тізімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Экономика және қаржы департаменті білім беру грантын беру туралы электрондық куәліктер ресімделгеннен кейін берілген гранттарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру туралы куәліктерді ресімдесін және оларды тиісті ЖЖОКБҰ-ға үш жұмыс күні ішінде тапсырсын.



4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті осы бұйрықты тиісті ЖЖОКБҰ-ның назарына жеткізсін.

5. ЖЖОКБҰ-ның басшылары білім беру грантын тағайындау туралы куәлік негізінде одан әрі білім беру гранты бойынша оқу үшін тиісті бұйрықтың шығарылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрі

С. Нұрбек

